

«Бекітемін»  
Алматы қ. ДСБ  
ШЖҚ «БҚКЖАА»  
бас дәрігері  
Е. Сералин  
«    »    2022 ж.

**Алматы қ. ДСБ ШЖҚ «Балалар қалалық клиникалық  
жұқпалы аурулар ауруханасы» комплаенс-офицерінің  
ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ**

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Комплаенс-офицер бас дәрігер бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады.
- 1.2. Өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында тікелей Бақылау кеңесіне бағынады.
- 1.3. Комплаенс-офицер білуі тиіс:
  - 1.3.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, соның ішінде заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді.
  - 1.3.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы азаматтық, қаржылық, әкімшілік, Еңбек, қылмыстық құқықты, сондай-ақ заңдар мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді қолдану практикасы.
  - 1.3.3. Ішкі тәртіп ережесін.
  - 1.3.4. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрттен қорғау ережелері мен нормалары.
- 1.4. Комплаенс-офицері кеңсе компьютерлік бағдарламаларын (MS Office, OpenOffice 2.4 және одан жоғары) және кеңсе техникасын қолдану дағдыларын білуі керек.
- 1.5. Іскерлік қарым-қатынас пен хат алмасудың этикасы мен психологиясын.
- 1.6. Комплаенс-офицердің біліктілігіне қойылатын талаптар: Жоғары, арнаулы орта немесе кәсіптік-техникалық білім (заңгерлік) жұмыс өтілі кемінде бір жарым жыл.

**2. Лауазымдық міндеттері**

Комплаенс-офицерге келесі қызметтер жүктеледі:

- 2.1. квазимемлекеттік сектор субъектінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
- 2.2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғырту;
- 2.3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;



- 2.4. мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
- 2.5. заңға сәйкес мемлекеттік қызметтерді орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауына мониторинг жүргізу;
- 2.6. корпоративтік этика құндылықтарын дамыту;
- 2.7. квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін (бар болса) сақтауын бақылау;
- 2.8. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- 2.9. сыбайлас жемқорлық деректері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және / немесе қатысу;
- 2.10. квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөніндегі жұмысты үйлестіру;
- 2.11. квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;
- 2.12. сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот тәжірибесіндегі өзгерістерге мониторинг және талдау жүргізу;
- 2.13. квазимемлекеттік сектор субъектісімен жасалатын азаматтық-құқықтық келісім-шарттарды, оның ішінде сатып алу туралы шарттарды, шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаларын міндетті түрде сақтауын көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз ету.

### **3. Құқығы**

#### **3.1. Комплаенс- офицер құқылы:**

3.1.1. Оның құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ лауазымдық міндеттерін орындау сапасын бағалау критерийлерін айқындайтын құжаттармен танысу.

3.1.2. Бөлім басшыларынан өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті анықтамаларды, есептерді, қорытындыларды, түсініктемелер және басқа материалдарды уақтылы ұсынуын сұрату және бақылау.

3.1.3. Құрылымдық бөлімшелерде қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және жергілікті нормативтік актілердің сақталуын тексеру.

3.1.4. Ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелерді талқылау кезінде басшылық өткізетін отырыстарға, кеңестерге қатысу.

3.1.5. Өз бастамасы бойынша немесе қызметкерлер мен пациенттердің өтініштері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы тергеулер жүргізу.

3.1.6. Басшылықтан өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді орындау үшін қажетті ұйымдық-техникалық жағдайларды қамтамасыз етуді талап ету.

3.1.7. Басшылықтың қарауына осы Нұсқаулықпен жүктелген міндеттерді орындауға байланысты жұмысты жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу.

#### 4. Жауапкершілігі

4.1. Комплаенс - офицер мыналар үшін дисциплинарлық және материалдық жауапты болады:

4.1.1. Кәсіпорынның ішкі еңбек тәртіп ережесін, өзінің лауазымдық міндеттерін, басшылықтың бұйрықтары мен үкімдерін орындамау немесе тиісті түрде орындамау.

4.1.2. Оның кінәсінен болған материалдық шығындар.

4.1.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және ұйымның жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес басқа да бұзушылықтар мен теріс әрекеттер.

Таныстым

Мусаканова Р.Р. 